

Ауданда халықтың нысаналы топтары және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу бойынша 2016 жылға арналған қосымша шаралары туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 68/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қантарда № 3622 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 22/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 03.05.2016 № 22/01 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабы 2 тармағына, 7 бабы 2 тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Осакаров ауданының аймағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі келесі жұмыссыз азаматтардың санаттарымен анықталсын:

1) дәрігерлік-косультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғалар;

2) 50-ден асқан әйелдер;

3) 55-тен асқан ерлер;

4) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемеген тұлғалар;

5) отбасында бір де жұмыс істеуші жоқ тұлғалар;

6) 29 жасқа дейінгі жастарды қоса алғанда;

7) емделуден және оңалрудан өткен есірткіге тәуелді тұлғалар анықталсын.

2. Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар анықталсын:

1) зейнеталды жастағы (зейнетке шығуға екі жыл қалғанға дейін) тұлғалар үшін қоғамдық жұмыстарға қатысу мерзімі олардың зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін ұзартылсын;

2) зейнеталды жастағы (зейнетке шығуға екі жыл қалғанға дейін) тұлғалардан

басқа, мүгедектердің, дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғалардың қоғамдық жұмыстарға қатысу мерзімі алты айдан бір жылға дейін белгіленсін.

3. "Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Рымбайұлы Ламбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан пайда болған қатынастарға таралады.

*Осакаров ауданының әкімі
міндетін атқарушы*

K. Шайжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК